

Бекітемін: _____
№32 «Қуаныш» «балабақшасы»
меңгерушісі: А. Е. Ескалнева



«Табиғатты аялайық» апталығы

Тақырыбы: «Гүлдерге күтім жасаймыз»



«Қызғалдақ» ересек топ

Өткізген: Орынбаева Г.Қ

Ақтөбе 2022ж

Пресс-релиз

Табиғатты қорғау адам баласына абыройлы да міндетті жұмыс жүктейді. Егер ауа бүлінсе, су ластанса онда одан табиғат қана зардап шекпейді, адам да қасірет тартады. Міне, сондықтан да табиғатты қорғау – адамның өзін-өзі қорғауы деген сөз. Сол себептен де ауаны тазалайтын ағаштар мен өсімдіктерді сындырмай, аялап, өсіріп табиғатты қамқорлыққа алу керек екенін балаларға жеткізіп отырамыз. Балалар табиғатпен тығыз байланыста болса ғана жақсылыққа, еңбексүйгіштікке, қайырымдылыққа үйренеді. Ендеше, келешек ұрпақтың қоршаған ортаны қорғау, табиғи қорларды тиімді пайдалану жөніндегі іс-әрекеттері отбасынан және мектепке дейінгі ұйымдардан бастау алса, балаларды таным-түсініктерін дамыту қағидалардың негізінде жүргізілсе деп ойлаймыз. Баланың сәби кезінен экологиялық мәдениеттілігімен санасын тәрбиелеп оларды туған ел табиғатын күтіп, оның байлықтарын сақтауға, қорғауға тәрбиелеу міндеттіміз. Баланың айнала қоршаған табиғатқа қызығушылығын ескере отырып, экологияға деген сүйіспеншілікті қорғаушылықты тәрбиелеу керекпіз. Ең маңыздысы біздің табиғатты сүюіміз және табиғатсыз өмір сүре алмайтынымызды балаға түсіндіру. Қазіргі таңда балалардың дамуында экологиялық біліктілігіміздің, жаңа технологиялардың маңызы ерекше екені белгілі. Экологиялық тәрбие мәдениеттілік тәрбиемен өте тығыз байланысты. Табиғаттағы әсемдіктен сусындау, оны қабылдау, түсіне және сезіне білу мәдениеттілік негіздері қалыптастыруға көмектеседі. Оның міндеттері күрделі де сан алуан. Экологиялық тәрбие балалардың сезімдерімен санасына ықпал жасап, көзқарастары мен нанымдардың орнығуына жәрдемдесе отырып, оның дүние танымын қалыптастыруға елеулі үлесін қосады. Тіпті балаларға табиғаттағы адамдар еңбегінің маңыздылығын көріп, бағалауды үйретуіміз керек. Сондықтан да балабақшамызда тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі: «Балаларды айналамен таныстыра отырып, экологиялық тәрбие беру» болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүюге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету біздің мақсатымыз болып табылады. Балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу барысында оларды сұлулықты көріп қана қоймай, сол сұлулық жолында еңбектене білуге үйретудің маңызы зор.

